

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 8 шілде N 1037

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға жедел ден қою, республиканың тұрғындары мен шаруашылық жүргізуші объектілерінің табиғи зілзалалардан, авариялардан және апаттардан қорғалуын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі - Мекемелер):

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Шығыс аймақтық аэромобильді жедел-құтқару отряды;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Солтүстік аймақтық аэромобильді жедел-құтқару отряды;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Оңтүстік аймақтық аэромобильді жедел-құтқару отряды құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2001 жылдан бастап жыл сайын республикалық бюджеттің жобасында Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне Мекемелерді ұстауға қаржы бөлуді көздесін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Шығыс Қазақстан, Қостанай және Қызылорда облыстарының әкімдерімен бірлесіп Мекемелерді орналастыру үшін қажетті үй-жайлар мен жер учаскелерін бөлуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекемелердің жарғыларын бекітсін, олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) бір апталық мерзімде Мекемелерді ұстауға және жарақтандыруға арналған шығыстардың сметасын дайындасын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін 2-тармақтан және 4-тармақтың 2-тармақшасынан басқалары, 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ